

## Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 25 сәуірдегі № 288 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 26 мамырда № 15176 болып тіркелді

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті (И.В. Лепеха) заңнамада бекітілген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді:

2) тіркелген осы бұйрықты алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның баспа және электрондық түрдегі көшірмелерін бір данада мемлекеттік және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынға жолдауды;

3) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры Е.З. Тургумбаевқа және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитетіне (И.В.Лепеха) жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң енгізіледі.

*Министр*  
*полиция генерал-полковнигі*

*Қ. Қасымов*

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2017 жылғы 25 сәуірдегі  
№ 288 бұйрығымен бекітілді

## **Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1) "Әкімшілік қадағалаудағы адамдарды есепке алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 11 ақпандағы № 97 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3505 болып тіркелген, "Заң газетінде" 2005 жылғы 4 қарашада жарияланған) мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әкімшілік қадағалаудағы адамдарды есепке алу қағидаларында:

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Заңның 2-бабы В) тармақшасында көрсетілген адамдарға қатысты әкімшілік қадағалау көрсетілген адамдар бір жылдың ішінде кемінде екі рет әкімшілік жазаға тартылғаны не қылмыстық теріс қылықтарға тартылғаны жағдайында белгіленеді.";

мынадай мазмұндағы 7-тараумен толықтырылсын.

"7-тарау. Әкімшілік қадағалауда тұрған адамдарға қатысты электрондық бақылау құралдарын қолдану тәртібі";

55. Тиісті профилактикалық бақылауды қамтамасыз ету және қадағалауға алынған адамның жүрген жері туралы ақпаратты алу үшін ПО Қылмыстық-атқару кодексінің 172-бабы 4-тармағына сәйкес электрондық бақылау құралдарын пайдалануға құқылы.

56. Жергілікті полиция қызметінің бастығы не оны алмастыратын адам, қадағалауға алынған адамға орнатылған шектеулерге сәйкес оның жеке басын сипаттайтын мәліметтер негізінде, сондай-ақ тиісті құрал-жабдықты орнатудың техникалық мүмкіндіктеріне сүйене отырып, қадағалауға алынған адамды дербес есепке қою кезінде оған электрондық бақылау құралдарын қолдану туралы шешім қабылдайды.

57. Қадағалауға алынған адамға электрондық бақылау құралдарын қолдану туралы шешім осы Қағидалардың 21-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сотпен әкімшілік қадағалау белгіленген адамға қатысты электрондық бақылау құралдарын пайдалану туралы қаулымен ресімделеді, ол қадағалауға алынған адамға және онымен бірге тұратын адамдарға жарияланады, бұл ретте құрал-жабдықты бұзғаны үшін қадағалауға алынған адамның жауапкершілігі түсіндіріледі. Электрондық бақылау құралдарын пайдалануға жауапты ПО қызметкері, қаулы шығарған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде қажетті құрал-жабдықты орнатуды жүзеге асырады, қадағалауға алынған адамға электрондық бақылау құралдарын пайдаланудың ерекшеліктерін түсіндіреді, осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әкімшілік қадағалауға алынған адамның электрондық бақылау құралын пайдалану бойынша жадынама алғаны туралы қол қойғызу арқылы оған оларды пайдалану жөніндегі жадынама береді.

58. Электрондық бақылау құралдарын сот белгілеген шектеулерді сақтауға профилактикалық бақылауды жүзеге асыру мақсатында ПО тікелей қадағалауға алынған адамға оның тұрғылықты немесе болу орны бойынша орнатады.

59. Электрондық бақылау құралдарын пайдалануға жауапты ПО қызметкері:

1) қадағалауға алынған адамның белгіленген шектеулерді сақтауы туралы мониторингілеу пультінің деректерін пайдалана отырып, ақпарат жинауды жүзеге асырады;

2) электрондық бақылау құралдарын бұзу, рұқсатсыз шешу, сот белгілеген шектеулерді бұзу фактілері туралы ақпарат алған кезде жергілікті полиция қызметі бастығына не оны алмастыратын адамға баяндатпен баяндайды және осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қадағалауға алынған адамдағы электрондық бақылау құралдары арқылы анықталған бұзушылықтарды есепке алу журналына тиісті белгілер жүргізеді.

Жергілікті полиция қызметінің бастығына не оны алмастыратын адамға электрондық бақылау құралдарының жұмысындағы барлық тіркелген жұмыс істемей қалуы және істен шығуы фактілерін дереу баянатпен баяндайды, осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оларды қадағалауға алынған адамдағы электрондық бақылау құралдарының бұзылуын есепке алу журналында көрсетеді;

3) электрондық бақылау құралдарының жұмысында істен шығу болған жағдайда, оның себебін анықтау және оларды жою бойынша шаралар қабылдайды.

60. Сот белгілеген шектеулер өзгерген кезде не техникалық себептер бойынша электрондық бақылау құралдарын қолдану мүмкін болмаған жағдайда жергілікті полиция қызметінің бастығы не оны алмастыратын адам осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотпен әкімшілік қадағалау белгіленген адамға қатысты электрондық бақылау құралдарын пайдаланудан бас тарту (ауыстыру) туралы тиісті дәлелденген қаулы қабылдай отырып, электрондық бақылау құралдарын пайдалануды тоқтатады не оларды пайдалану тәртібін және қолданатын техникалық құралдар жиынтығын өзгертеді. Электрондық бақылау құралдарын пайдалануға жауапты ПО қызметкері қаулыны шығарған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде қажетті құралды алып тастауды (ауыстыруды) жүзеге асырады.

61. Егер қадағалауға алынған адам бұзу фактісін теріске шығарған жағдайда учаскелік полиция инспекторы электрондық бақылау құралдарының көмегімен алынған жол берілген бұзушылық фактісі туралы мәліметтерді зерделеу арқылы тексеру жүргізеді.

62. Қадағалауға алынған адам электрондық бақылау құралын бұзған (бүлдірген) жағдайда учаскелік полиция инспекторы осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық бақылау құралдарының бұзылуын анықтау актісін жасайды.";

Осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6-қосымшаларға сәйкес 21, 22, 23, 24, 25 және 26-қосымшалармен толықтырылсын.

2) "Ішкі істер органдарында профилактикалық есепте тұратын адамдарды профилактикалық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі қағиданы бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі № 432 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9695 болып тіркелген, "Заң газетінде" 2014 жылғы 25 қыркүйекте жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ішкі істер органдарында профилактикалық есепте тұратын адамдарды профилактикалық бақылауды жүзеге асыру қағидаларында:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және (немесе) ұстау бойынша өз міндеттерін орындамайтын кәмелетке толмағандардың, сондай-ақ олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін ата-аналары немесе басқа да заңды өкілдеріне профилактикалық бақылау тоқсанда бір реттен кем емес жүзеге асырылады.

Ішкі істер органы жергілікті полиция қызметі бастығының не оның орынбасарының шешімімен профилактикалық есепке қою мерзімі бір жылға ұзартылған жағдайда профилактикалық бақылауды жүзеге асыру кезеңі тиісінше көрсетілген мерзімге ұзартылады."

3) "Көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі кәсіптік бірлестіктерді аккредиттеу қағидаларын, Біліктілік комиссиясын қалыптастыру және оның қызметін жүзеге асыру қағидаларын, Көлік құралдары жүргізушілерін даярлау бойынша оқытушы, өндірістік оқыту шебері және білім беру процесі кезінде жүргізуге оқыту шебері болуға кандидаттарды аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 23 маусымдағы № 367 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 24 шілдеде № 9609 болып тіркелген, "Заң газетінде" 2014 жылғы 9 қыркүйекте № 134 (2702) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Біліктілік комиссиясын қалыптастыру және оның қызметін жүзеге асыру қағидаларында:

15-тармақтың 10) тармақшасы алып тасталсын;

4) "Қазақстан Республикасының аумағында пайдаланылатын жолдардың тәуекелдер дәрежесін бағалауды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 26 маусымдағы № 383 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 26 маусымда № 9635 болып тіркелген, "Заң газетінде" 2014 жылғы 4 қыркүйекте № 132 (2700), 2014 жылғы 5 қыркүйекте № 133 (2701) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында пайдаланылатын жолдардың тәуекелдер дәрежесін бағалауды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасының аумағында пайдаланылатын жолдардың тәуекелдер дәрежесін бағалауды ұйымдастыру және жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жол жүрісі туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 17 сәуірдегі Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағындағы халықаралық, республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар пайдаланылатын жолдардың (бұдан әрі – автомобиль жолдары) тәуекелдер дәрежесін бағалауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібін айқындайды."

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Ұйым лауазымды адамға пайдаланылатын автомобиль жолдарының тәуекел дәрежесін бағалау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті мынадай құжаттарды:

1) алдын ала толтырылған шығыс деректері (автомобиль жолының атауы, санаты, учаскенің мекенжайы, талап етілетін күтіп ұстау деңгейі) бар пайдаланылатын автомобиль жолының жұмыстарын қабылдау актілерін;

2) көпір құрылыстарын, көпірлерді тексеру журналдарын, жасанды құрылыстарды ағымдық тексеру журналдарын;

3) жұмыстарды жүргізу журналдарын және автомобиль жолдарын тексеру журналдарын ұсынады."

5) "Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 622 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9839 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2015 жылғы 15 қазанда жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру қағидасы:

мынадай мазмұндағы 3-тараумен толықтырылсын:

"3-тарау. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарға қатысты электрондық бақылау құралдарын қолдану тәртібі";

38. Тиісті профилактикалық бақылауды қамтамасыз ету және шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның орналасқан жері туралы ақпарат алу үшін ПО Қылмыстық-атқару кодексінің 169-бабы 1-тармағына сәйкес электрондық бақылау құралдарын пайдалануға құқылы.

39. Жергілікті полиция қызметінің бастығы не оны алмастыратын адам шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға белгіленген шектеулерге сәйкес, оның жеке басын сипаттайтын мәліметтер негізінде, сондай-ақ тиісті құрал-жабдықты орнатудың техникалық мүмкіндіктеріне сүйене отырып, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамды дербес есепке алу кезінде оған электрондық бақылау құралдарын қолдану туралы шешім қабылдайды.

40. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға электрондық бақылау құралдарын қолдану туралы шешім осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға қатысты электрондық бақылау құралдарын пайдалану туралы қаулымен ресімделеді, ол шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға және онымен бірге тұратын адамдарға жарияланады, бұл ретте құрал-жабдықты бұзғаны үшін шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның жауапкершілігі түсіндіріледі. Электрондық бақылау құралдарын пайдалануға жауапты ІІО қызметкері қаулы шығарған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде қажетті құрал-жабдық орнатуды жүзеге асырады, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға электрондық бақылау құралдарын пайдаланудың ерекшеліктерін түсіндіреді, осы Қағидаға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның электрондық бақылау құралдарын пайдалану бойынша жадынама алғаны туралы қол қойғызу арқылы оларды пайдалану жадынамасын береді.

41. Электрондық бақылау құралдарының құрылғысын сот белгілеген шектеулерді сақтауға профилактикалық бақылауды жүзеге асыру мақсатында ІІО тікелей шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға оның тұрғылықты немесе болу орны бойынша орнатады.

42. Электрондық бақылау құралдарын пайдалануға жауапты ІІО қызметкері:

1) шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға белгіленген шектеулерді сақтауы туралы мониторингілеу пультінің деректерін пайдалана отырып, ақпарат жинауды жүзеге асырады;

2) электрондық бақылау құралдарын бұзу, рұқсатсыз шешу, сот белгіленген шектеулерді бұзу фактілері туралы ақпарат алған кезде жергілікті полиция қызметі бастығына не оны алмастыратын адамға баяндатпен баяндайды және осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардағы электрондық бақылау құралдары арқылы анықталған бұзушылықтарды есепке алу журналына тиісті белгілер жүргізеді.

Жергілікті полиция қызметі бастығына не оны алмастыратын адамға электрондық бақылау құралдарының жұмысындағы барлық тіркелген жұмыс істемей қалуы және істен шығуы фактілерін дереу баянатпен баяндайды, осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оларды шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдағы электрондық бақылау құралдарының бұзылуын есепке алу журналында көрсетеді;

3) электрондық бақылау құралдарының жұмысында істен шығу болған жағдайда, оның себебін анықтау және оларды жою бойынша шаралар қабылдайды.

43. Сот белгілеген шектеулер өзгерген кезде не техникалық себептер бойынша электрондық бақылау құралдарын қолдану мүмкін болмаған жағдайда жергілікті полиция қызметінің бастығы не оны алмастыратын адам осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға

қатысты электрондық бақылау құралдарын пайдаланудан бас тарту (ауыстыру) туралы тиісті дәлелденген қаулыны қабылдай отырып, электрондық бақылау құралдарын пайдалануды тоқтатады не оларды пайдалану тәртібін және қолданатын техникалық құралдар жиынтығын өзгертеді. Электрондық бақылау құралдарын пайдалануға жауапты ПО қызметкері қаулыны шығарған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде қажетті құралды алып тастауды (ауыстыруды) жүзеге асырады.

44. Егер шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам бұзу фактісін теріске шығарған жағдайда учаскелік полиция инспекторы электрондық бақылау құралдары көмегімен алынған жол берілген бұзушылық фактісі туралы мәліметтерді зерделеу арқылы тексеру жүргізеді.

45. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам электрондық бақылау құралын бұзған (бүлдірген) жағдайда учаскелік полиция инспекторы осы Қағидаға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша акті жасайды.";

Осы бұйрыққа 7, 8, 9, 10, 11, 12-қосымшаларға сәйкес 14, 15, 16, 17, 18, 19-қосымшалармен толықтырылсын.

б) "Жолдарды жобалауға, салуға, жөндеуге, күтіп-ұстауға және оларды жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде басқаруға арналған нормативтік, жобалау және техникалық құжаттаманы келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 12 наурыздағы № 208 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 10 сәуірде № 10690 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 30 сәуірде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жолдарды жобалауға, салуға, жөндеуге, күтіп-ұстауға және оларды жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде басқаруға арналған нормативтік, жобалау және техникалық құжаттаманы келісу және бекіту қағидаларында:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Нормативтік, жобалау және техникалық құжаттаманы, сондай-ақ аумақтық-көліктік жоспарлау және жол жүрісін ұйымдастыру жөніндегі құжаттаманы келісу өтінішті уәкілетті органда тіркеген сәттен бастап он жұмыс күн ішінде жүргізіледі."

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9.Мыналар:

1) уәкілетті орган – халықаралық және республикалық маңыздағы жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын, ақылы автожолдарды жобалау, салу, қайта жөндеу, жөндеу және оңалту жөніндегі нормативтік, техникалық және жобалау құжаттамасын, аумақтық-көліктік жоспарлау және жол жүрісін ұйымдастыру жөніндегі құжаттаманы;

2) уәкілетті органның аумақтық бөліністері – осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген жолдарды қоспағанда, автомобиль жолдарын, сондай-ақ осы автомобиль жолдарындағы жол құрылыстарын, теміржол өтпелерін, қалалық электр көлігі желілерін жобалау, салу, қайта жөндеу, жөндеу және оңалту жөніндегі жобалау құжаттамасын, аумақтық-көліктік жоспарлау, жол жүрісін ұйымдастыру жөніндегі құжаттаманы;

3) жоғары тұрған уәкілетті органның нұсқауы бойынша уәкілетті органның аумақтық бөліністері – халықаралық және республикалық маңыздағы жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын, ақылы автожолдарды жобалау, салу, қайта жөндеу, жөндеу және оңалту жөніндегі жобалау құжаттамасын, аумақтық-көліктік жоспарлау және жол жүрісін ұйымдастыру жөніндегі құжаттаманы келіседі.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Әзірлеуші келісуден бас тарту себептерін жойғаннан кейін нормативтік, жобалау және техникалық құжаттама, сондай-ақ аумақтық-көліктік жоспарлау және жол жүрісін ұйымдастыру жөніндегі құжаттама жазбаша бас тарту алынған күннен бастап екі айдан кешіктірмей қайта келісуге жолданады. Қайта келісу өтініш уәкілетті органда тіркелген сәттен бастап бес жұмыс күннен аспайтын мерзімде жүргізіледі.".

7) "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды есепке алуды жүзеге асыру бойынша Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары бөлімшелерінің өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 30 қаңтардағы № 89 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 3 наурызда № 13373 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 24 наурызда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды есепке алуды жүзеге асыру бойынша Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары бөлімшелерінің өзара іс-қимыл жасау қағидаларында:

26-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"ІД-нің ЖПҚ "Бүркіт" базасына ҚАІБ(Б) ЖПҚ-дан тапсырма алған күннен бастап екі тәулік ішінде оларға қатысты әкімшілік қадағалау орнатылған және шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарды енгізеді.";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. ҚАЖД тоқсан сайын аумақтылығы бойынша ІД Көші-қон полициясы басқармасына (бұдан әрі – ІД КҚПБ) осы Қағидаға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ҚАЖ мекемелерінде жазасын өтеп жатқан шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдардың тізімін жолдайды.

Шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар босаған кезде ҚАЖД мерзімі аяқталуына байланысты босатылғанға дейін алты ай бұрын, ал оны шартты түрде



мерзімінен бұрын босатуға өтініш берген кезде – сотталғанның өтінішхат берген сәтінен бастап үш тәулік ішінде ПД КҚПБ-ны ақпараттандырады."

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2017 жылғы 25 сәуірдегі  
№ 288 бұйрығына  
1-қосымша  
Әкімшілік қадағалаудағы  
адамдарды есепке алу  
қағидасына 21-қосымша  
Нысан

## Сотпен әкімшілік қадағалау белгіленген адамға қатысты электрондық бақылау құралдарын пайдалану туралы қаулы

Мен, \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (бастықты алмастыратын адам, ПО атауы)

\_\_\_\_\_ бастығы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты-жөні)

20\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (сот атауы)

\_\_\_\_\_ мерзімде "\_\_\_" тармақ бойынша әкімшілік қадағалау белгіленген

\_\_\_\_\_ (қадағалау мерзімі)

\_\_\_\_\_ материалдарын қарап,

\_\_\_\_\_ (тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар болса))

**Анықтадым:**

\_\_\_\_\_ (электрондық бақылау құралдарын орнатудың қажеттілігін дәлелдейтін

\_\_\_\_\_ себептер мен шарттар көрсетіледі)

Баяндалғанның негізінде және Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің

172-бабы 4-тармағын басшылыққа ала отырып,

**Қаулы еттім:**

құралдары

(электрондық бақылау құралдарының атауы)

қадағалауға алынған адам \_\_\_\_\_ катысты  
пайдаланылсын.

(тегі, аты-жөні)

Тұрғылықты жері бойынша электрондық бақылау құралдарын орнату (күні) мерзімі

\_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_)

(электрондық бақылау құралдарын орнату күнімен таныстыру туралы оператордың қолы)

\_\_\_\_\_ (орган атауы)

Бастығы

\_\_\_\_\_ (атағы)

\_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ (аты-жөні, тегі)

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

М. О.

Қаулымен таныстым: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (аты-жөні, тегі)

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Мен, \_\_\_\_\_, электрондық бақылау құралын

\_\_\_\_\_ (тегі, аты-жөні)

жоғалтқан не зақым келтірген, жойған кезде және осыған байланысты ерікті түрде келтірілген

залалды өтеуден бас тарту жағдайда осы мәселе белгіленген заң тәртібінде шешілетіні туралы

таныстым.

\_\_\_\_\_ (қадағалауға алынған адамның қолы)

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрінің

2017 жылғы 25 сәуірдегі

№ 288 бұйрығына

2-қосымша

Әкімшілік қадағалаудағы

адамдарды есепке алу

қағидасына 22-қосымша

Нысан

**Әкімшілік қадағалауға алынған адамның электрондық бақылау құралдарын пайдалану жөніндегі жадынаманы алуы туралы қолхаты**

Қадағалауға алынған адам \_\_\_\_\_

(қадағалауға алынған адамның тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар болса))

\_\_\_\_\_ мерзімге

\_\_\_\_\_ (құралдың түрі көрсетіледі)

\_\_\_\_\_ электрондық бақылау құралдары тағылды.

\_\_\_\_\_ (іс-әрекет ету аумағы, қуат беру затын ауыстыру мерзімі, басқа да сипаттамасы) \_\_\_\_\_ аталған құралды пайдалану тәртібі түсіндірілді.

Таныстырған:

\_\_\_\_\_ (органның атауы)

Бастығы \_\_\_\_\_

(атағы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Жадынаманы алған: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2017 жылғы 25 сәуірдегі  
№ 288 бұйрығына  
3-қосымша  
Әкімшілік қадағалаудағы  
адамдарды есепке алу  
қағидасына 23-қосымша  
Нысан

\_\_\_\_\_ (ПО атауы)

## Қадағалауға алынған адамдағы электрондық бақылау құралдары арқылы анықталған заң бұзушылықтарды есепке алу журналы

20\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ басталды

20\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ аяқталды

(журналдың ішкі жағы)

№ р\с	Қадағалауға алынған адамның Т.А.Ә (бар болса)	Заң бұзушылық жасаған күні, уақыты, орны	Жол берілген бұзушылықтың қысқаша мазмұны	Тексеріс жүргізу үшін материалдарды алған күні, қызметкердің тегі, қолы	Қабылданған шешім	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2017 жылғы 25 сәуірдегі  
№ 288 бұйрығына  
4-қосымша  
Әкімшілік қадағалаудағы  
адамдарды есепке алу  
қағидасына 24-қосымша  
Нысан

(ПО атауы)

## Қадағалауға алынған адамның электрондық бақылау құралдарының бұзылуын есепке алу журналы

20\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ басталды

20\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ аяқталды

(журналдың ішкі жағы)

№ р\с	Аудиовизуальдық, электрондық бақылау құралының сәйкестендіру нөмірі	Анықталған бұзылудың күні, уақыты және сипаты	Қабылданған шаралар	Бұзылуды қалпына келтірген күні және уақыты	Бұзылуды қалпына келтірген адамның тегі және қолы	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2017 жылғы 25 сәуірдегі  
№ 288 бұйрығына  
5-қосымша  
Әкімшілік қадағалаудағы  
адамдарды есепке алу  
қағидасына 25-қосымша

**Сотпен әкімшілік қадағалау белгіленген адамға қатысты электрондық бақылау құралдарын қолдануды алып тастау (алмастыру) туралы қаулы**

Мен, \_\_\_\_\_

(ПО атауы, бастықты алмастыратын адам)

\_\_\_\_\_ бастығы \_\_\_\_\_

(тегі, аты-жөні)

20\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

(соттың атауы)

\_\_\_\_\_ мерзімге "\_\_\_" тармақ бойынша әкімшілік қадағалау орнатылған

(жаза мерзімі)

қадағалаудағы \_\_\_\_\_

материалдарын қарап,

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

**Анықтадым:**

(электрондық бақылау құралдарын қолдануды алып тастау (ауыстыру) қажеттілігін

дәлелдейтін себептер мен шарттар көрсетіледі)

Баяндалғанның негізінде және Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің

172- бабы 4-тармағын басшылыққа ала отырып,

**Қаулы еттім:**

Қадағалауға алынған адам \_\_\_\_\_

қатысты

(тегі, аты-жөні)

\_\_\_\_\_ электрондық байқау құралдары

(электрондық бақылау құралдарының атауы)

алып тасталсын (ауыстырылсын).

(қажетсізін сызу керек)

Бастық

---

(атағы) (қолы)(аты-жөні, тегі)

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

М.О.

Қаулымен таныстым: \_\_\_\_\_

(қолы) (қадағалауға алынған адамның аты-жөні,тегі)

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2017 жылғы 25 сәуірдегі  
№ 288 бұйрығына  
6-қосымша  
Әкімшілік қадағалаудағы  
адамдарды есепке алу  
қағидасына 26-қосымша  
Нысан

(ПО атауы)

## Электрондық бақылау құралдарындағы бұзылуды анықтау туралы акті

Мен, \_\_\_\_\_

(ПО атауы, бастықты алмастыратын адам)

\_\_\_\_\_ бастығы \_\_\_\_\_

(тегі, аты-жөні

Куәгерлер:

1. \_\_\_\_\_

(тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар болса) тұрғылықты жері)

2. \_\_\_\_\_

қатысуымен

(тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар болса) тұрғылықты жері)

Қадағалауға алынған адам \_\_\_\_\_ бекітілген

(тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар болса))

---

(электрондық бақылау құралының атауы көрсетіледі)

\_\_\_\_\_ электрондық бақылау құралының ақауының  
себебін қарап,

**Анықтадым:**

\_\_\_\_\_

(электрондық бақылау құралы ақауының себебі көрсетіледі, қадағалаудағының  
кінәлі дәрежесі)

Баяндалғанның негізінде,

**Қаулы еттім:**

Электрондық бақылау құралдары қадағалауға алынған адамның кінәсі  
(қадағалаудағыға тәуелсіз себептер бойынша) бойынша жарамсыз болған, осыған  
байланысты,  
(қажеттіні сызу)

\_\_\_\_\_

(қадағалауға алынған адамның кінәсі анықталған жағдайда, азаматтық тәртіпте  
қадағалауға  
алынған адам \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

келтірген залалды өтеу үшін материалдар жолданады, анық ақаулардың болмаған  
кезде құрал сараптамаға жолданады).

(орган атауы)

Бастығы

(атағы)

(қолы)

(тегі, аты-жөні)

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

М.О.

Актімен таныстым: \_\_\_\_\_

(қолы)

(қадағалауға алынған адамның аты-жөні,тегі)

Куәгерлер: 1. \_\_\_\_\_

(тегі, аты-жөні)

2. \_\_\_\_\_

(тегі, аты-жөні)

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2017 жылғы 25 сәуірдегі  
№ 288 бұйрығына  
7-қосымша  
Жазасын өтеуден шартты  
түрде мерзімінен бұрын  
босатылған адамдардың мінез  
кұлқын бақылауды жүзеге асыру  
қағидасына 14-қосымша  
Нысан

## Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандарға қатысты электрондық бақылау құралдарын қолдану туралы қаулы

Мен, \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(ПО атауы, бастықты алмастыратын адам)  
\_\_\_\_\_ бастығы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(лауазымы, тегі, аты-жөні)  
20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(сот атауы)  
жазалау мерзімінің өтелмеген бөлігіне \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(шартты түрде мерзімінен бұрын босау мерзімі)  
шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
материалдарын қарап,  
(тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар болса))

**Анықтадым:**

\_\_\_\_\_  
(электрондық бақылау құралдарын орнатудың қажеттілігін дәлелдейтін  
\_\_\_\_\_



себептер мен шарттар көрсетіледі)

Баяндалғанның негізінде және Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің

169-бабы 1-тармағын басшылыққа ала отырып,

**Қаулы еттім:**

\_\_\_\_\_ электрондық бақылау құралдары

(электрондық бақылау құралдарының атауы)

шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған \_\_\_\_\_ қатысты қолданылсын.

(тегі, аты-жөні)

Тұрғылықты жері бойынша электрондық бақылау құралдарын орнату (күні) мерзімі \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_ )

\_\_\_\_\_ (электрондық бақылау құралдарын орнату күнімен таныстыру туралы оператордың қолы)

\_\_\_\_\_ (орган атауы)

Бастығы

\_\_\_\_\_ (атағы)

\_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ (тегі, аты-жөні)

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

М.О.

Қаулымен таныстым: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (аты-жөні, тегі)

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Мен, \_\_\_\_\_, электрондық бақылау құралын (тегі, аты-жөні)

жоғалтқан не зақым келтірген, жойған кезде және осыған байланысты ерікті түрде келтірілген

залалды өтеуден бас тарту жағдайда осы мәселе белгіленген заң тәртібінде шешілетіні туралы

таныстым. \_\_\_\_\_

(шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның қолы)

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2017 жылғы 25 сәуірдегі  
№ 288 бұйрығына  
8-қосымша

Жазасын өтеуден шартты  
түрде мерзімінен бұрын  
босатылған адамдардың мінез  
кұлқын бақылауды жүзеге асыру  
қағидасына 15-қосымша  
Нысан

## Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның электрондық бақылау құралдарын пайдалану жөніндегі жадынаманы алуы туралы қолхаты

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған \_\_\_\_\_

(тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар болса))

\_\_\_\_\_ мерзімге

\_\_\_\_\_ электрондық бақылау құралы  
орнатылды

(құралдың түрі көрсетіледі)

аталған құралды пайдалану тәртібі түсіндірілді \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (іс-әрекет ету аумағы, қуат беру затын ауыстыру мерзімі, басқа да сипаттамасы)

Таныстырған:

\_\_\_\_\_ (органның атауы)

Бастығы \_\_\_\_\_

(атағы, Т.А.Ә) (қолы)

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Жадынаманы алған: \_\_\_\_\_

(тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар болса))

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2017 жылғы 25 сәуірдегі  
№ 288 бұйрығына  
9-қосымша  
Жазасын өтеуден шартты  
түрде мерзімінен бұрын  
босатылған адамдардың мінез  
кұлқын бақылауды жүзеге асыру  
қағидасына 16-қосымша  
Нысан

(ПО атауы)

**Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдағы электрондық бақылау құралдары арқылы анықталған заң бұзушылықтарды есепке алу журналы**

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ басталды

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ аяқталды

(журналдың ішкі жағы)

№ п/п	Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның Т.А.Ә (бар болса)	Заң бұзушылық жасаған күні, уақыты, жасаған орны	Жол берілген заң бұзушылықтың қысқаша мазмұны	Тексеріс жүргізу үшін материалдарды алған күні, қызметкердің тегі, қолы	Қабылданған шешім	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2017 жылғы 25 сәуірдегі  
№ 288 бұйрығына  
10-қосымша  
Жазасын өтеуден шартты  
түрде мерзімінен бұрын  
босатылған адамдардың мінез  
құлқын бақылауды жүзеге асыру  
қағидасына 17-қосымша  
Нысан

(ПО атауы)

**Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдағы электрондық бақылау құралдарының бұзылуын есепке алу журналы**

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ басталды

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ аяқталды

(журналдың ішкі жағы)

№ п/п	Аудиовизуальдық, электрондық бақылау құралының сәйкестендіру нөмірі	Анықталған бұзылудың күні, уақыты және сипаты	Қабылданған шаралар	Бұзылуды қалпына келтірген күні және уақыты	Бұзылуды қалпына келтірген адамның тегі және қолы	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрінің  
2017 жылғы 25 сәуірдегі  
№ 288 бұйрығына  
11-қосымша  
Жазасын өтеуден шартты  
түрде мерзімінен бұрын  
босатылған адамдардың мінез  
құлқын бақылауды жүзеге асыру  
қағидасына 18-қосымша  
Нысан

## Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға қатысты электрондық бақылау құралдарын алып тастау (алмастыру) туралы қаулы

Мен, \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (ПО атауы, бастықты алмастыратын адам)

\_\_\_\_\_ бастығы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты-жөні)

"\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (сот атауы)

жазалау мерзімінің өтелмеген бөлігіне \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (шарты түрде мерзімінен бұрын босау мерзімі)

шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған

\_\_\_\_\_ материалдарын қарап,

\_\_\_\_\_ (тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар болса))

**Анықтадым:**

\_\_\_\_\_ (электрондық бақылау құралдарын қолдануды алып тастау (ауыстыру) қажеттілігін

\_\_\_\_\_ дәлелдейтін себептер мен шарттар көрсетіледі)

\_\_\_\_\_ Баяндалғынның негізінде және Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің

\_\_\_\_\_ 169-бабы 1-тармағын басшылыққа ала отырып,

**Қаулы еттім:**

Қадағалауға алынған адам \_\_\_\_\_  
қатысты  
(тегі, аты-жөні)

\_\_\_\_\_ электрондық байқау  
құралдары

(электрондық бақылау құралдарының атауы)

алып тасталсын (ауыстырылсын).

(қажетсізін сызу керек)

Бастығы \_\_\_\_\_

(атағы) \_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (аты-жөні, тегі)

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

М.О.

Қаулымен таныстым: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (қадағалауға алынған адамның аты-жөні, тегі)

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2017 жылғы 25 сәуірдегі  
№ 288 бұйрығына  
12-қосымша  
Жазасын өтеуден шартты  
түрде мерзімінен бұрын  
босатылған адамдардың мінез  
құлқын бақылауды жүзеге асыру  
қағидасына 19-қосымша  
Нысан

\_\_\_\_\_ (ПО атауы)

## **Электрондық бақылау құралдарындағы бұзылуды анықтау туралы акті**

Мен, \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (ПО атауы, бастықты ауыстыратын адам)

\_\_\_\_\_ бастығы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты-жөні)

Куәгерлердің:

1. \_\_\_\_\_

(тегі, аты-жөні, тұрғылықты жері)

2. \_\_\_\_\_

қатысуымен

(тегі, аты-жөні, тұрғылықты жері)

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғанға \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар болса))

\_\_\_\_\_ Бекітілген \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (электрондық бақылау құралының атауы көрсетіледі)

\_\_\_\_\_ электрондық бақылау құралының ақауының себебін  
қарап,

**Анықтадым:**

\_\_\_\_\_ (электрондық бақылау құралы ақауының себебі көрсетіледі, ШМББ кінәсінің  
дәрежесі)

\_\_\_\_\_ Баяндалғанның негізінде,

**Қаулы еттім:**

\_\_\_\_\_ Электрондық бақылау құралдары шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған  
адамның

\_\_\_\_\_ кінәсіне (шартты түрде босатылған адамға тәуелсіз басқа себептер бойынша)  
байланысты

\_\_\_\_\_ жарамсыз болған, осыған байланысты,  
(қажеттіні сызу)

\_\_\_\_\_ (ШМББ кінәсі анықталған жағдайда, азаматтық тәртіпте ШМББ келтірген залалды

\_\_\_\_\_ өтеу үшін материалдар жолданады, анық бұзылу болмаған кезде құрал сараптамаға  
жолданады).

\_\_\_\_\_ (орган атауы)

Бастығы

\_\_\_\_\_

(атағы) (қолы) (тегі, аты-жөні)

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

М.О.

Актімен таныстым: \_\_\_\_\_

(қолы) (ШМББ тегі, аты-жөні)

Куәгерлер: 1. \_\_\_\_\_

(тегі, аты-жөні)

2. \_\_\_\_\_

(тегі, аты-жөні)

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК